

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
БАС ПРОКУРОРЫ



ГЕНЕРАЛЬНЫЙ
ПРОКУРОР
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 14
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65
www.prokuror.gov.kz

010000, город Астана, проспект Мәңгілік Ел, 14
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65
www.prokuror.gov.kz

29.02.2024 № 2-01-24-17700

02.02.2024ж. ДС-43

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына
(тізім бойынша)

Құрметті депутаттар!

депутаттық сауалға

Бас прокуратура Сіздердің 02.02.2024ж. депутаттық сауалыңызды қарап, нәтижесімен қосымшаға сәйкес ақпарат жібереді.

Қосымша: ақпарат 2 парақта, мемлекеттік тілде.

Б. Асыллов

орынд. О.Халык
тел. 301896

27.01.2024ж. Н.Н.Дакебаев Қарағанды қаласы, 2-квартал, 30-60 мекенжайында тұратын тәтесі А.Хасенованың өтініші бойынша қоқыс жәшіктеріне тастау үшін тумбаны алып шықты.

Сол сәтте аталған үйдің ауласында екінші кіреберістің алдында жүргізуші Т.Берікқалиұлының басқаруымен, аталған үйдің 18 пәтеріне қызмет көрсету үшін шақырылған жедел медициналық жәрдем автомашинасы (бұдан әрі –ЖМК) тұраққа қойылды.

ЖМК автокөлігінің қоқыс жәшіктеріне өтуге кедергі келтіргенін көріп, Н.Дакебаев жол жиегінен өтіп бара жатып, Т.Берікқалиұлының атына балағат сөздер айта бастады, сондай-ақ ЖМК автокөлігін итеріп қалады.

Әрі қарай, Н.Дакебаев қайтар жолда «Облыстық жедел медициналық жәрдем станциясы» КМК (бұдан әрі – КМК) қызметіне айқын құрметтемеушілік таныта отырып, фельдшерлердің пациентті одан әрі емдеуге жатқызу үшін шығуға қызмет көрсетуін аяқтауын күтіп тұрған жүргізуші Т.Берікқалиұлының атына, ЖМК фельдшері С.Шаканның қатысуымен тағы да балағат сөздер айта бастады.

Өз кезегінде, Т.Берікқалиұлы Н.Дакебаевтың наразылығының себебін анықтау үшін автокөліктен шықты, осы уақытта соңғысы С.Шаканның болғанына қарамастан, ЖМК автомашинасы оның жолын бөгеп тастады деген елеусіз сылтауды пайдаланып, екі қолымен жұдырығын түйіп, кезекпен Т.Берікқалиұлының беті мен басының тұсына үш рет соққы берген, содан кейін сол жақтағы қабырға тұсына жұдырықпен бір рет соққы келтірген.

Кейін Т.Берікқалиұлы түрлі дене жарақаттарымен Қарағанды қаласындағы ауруханаға жатқызылды.

Сол күні осы факті бойынша ҚК-нің 107-бабы 2-бөлігінің 5) тармағы бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталды (денсаулыққа қасақана ауырлығы орташа зиян келтіру).

Қылмыс жасағаннан кейін Н.Дакебаев қылмыстық қудалау органдарынан қашып кетті, осыған байланысты мемлекетаралық іздестіру жарияланды.

01.02.2024ж. Н.Дакебаев ұсталып, тергеу изоляторына қамаққа алынды.

05.02.2024ж. тергеу соты күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын санкциялаған.

Сот-медициналық сараптаманың 06.02.2024ж. қорытындысына сәйкес, Т.Берікқалиұлының денсаулығына жеңіл зиян келтірілді (өткір кезеңде мидың шайқалуы түріндегі жабық бас-ми жарақаты, субысуы бар, субконъюнктивалық қан кетумен, тері астындағы гематомамен мұрын сүйектерінің жабық көп сатылы сынуы болған сол көздің қабағы, көгерген доғал қатты заттың әсерінен пайда болған маңдай жарасы).

Осыған байланысты, 11.02.2024ж. қылмыстық құқық бұзушылық ҚК-нің 293-бабының 1-бөлігіне (бұзақылық) қайта сараланды.

Тергеп-тексеру нәтижелері бойынша 26.02.2024ж. қылмыстық іс айыптау хаттамасымен Қарағанды қаласы Әлихан Бөкейхан ауданының сотына мәні бойынша қарау үшін жіберілді.

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Н. Дакебаев жасаған қылмыстық құқық бұзушылық онша ауыр емес санатқа жатады, оған соттың ұйғарымымен 2 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі ең жоғары жаза көзделген.

Қылмыстық істі сотта және сот сатыларында талқылау ашық түрде жүргізілетін болады (ҚПК-нің 29-бабы жариялылық). Сот талқылауының жариялылығын шектеуге бұл мемлекеттік құпияларды және заңмен қорғалатын өзге де құпияны қорғау мүдделеріне қайшы келген кезде ғана жол беріледі.

Қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу бөлігінде ішкі істер органдары қоғамда «Мүлдем төзбеушілік» қағидатын қалыптастыруға бағытталған алдын алу шараларының кешенін іске асырады.

Осы жұмыс шеңберінде полицияның қоғамдық орындарда барынша қатысуының әсерін қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдануда.

Сондай-ақ ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің 30.11.2020ж. «Жедел медициналық жәрдем, оның ішінде медициналық авиацияны тарта отырып көрсету қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының (бұдан әрі - Бұйрық) 2-тарауының 47-тармағына сәйкес ЖМЖ бригадаларының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында ЖМЖС мамандары пациенттерге қызмет көрсету орындарында және пациентті қабылдау бөлімшесінің медициналық персоналына бергенге дейін стационарға тасымалдау барысында қоршаған жағдайды аудио-бейне жазуға арналған мобильді камералармен жаратандырылады.

ЖМК қызметкерлерінің өмірі мен денсаулығына қауіп төнген кезде шақыруға қызмет көрсету аумақтық ішкі істер органдары өкілдерінің қатысуымен жүзеге асырылады.

Аумақтық ішкі істер органдарының өкілдері болмаған жағдайда, ЖМК бригадалары диспетчерге рация және (немесе) мобильді байланыс арқылы өмір мен денсаулыққа қауіп төндіретіні туралы хабарлайды. Шақыруға одан әрі қызмет көрсету аумақтық ішкі істер органдары өкілдерінің қатысуымен жүзеге асырылады (бұйрықтың 15-тармағының 2-тарауы).

Сонымен қатар осындай құқық бұзушылықтардың профилактикасы және алдын алу мақсатында сот шешімдерінің нәтижелері бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланатын болады.